

Список литературы:

1. Букейхан А. Тандамалы — Избранное. Собр. Соч. Т.1. — Алматы: Изд-во «Өлке», 2012.- 248 с., фото (на казахском и русском языках)
2. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж.= Движение Алаш.- Т.3 .Кіт.1.- Алматы: Ел-шежіре, 2007.- 304 б.
3. Букейхан А. Шығармаларының толық жинағы — Полное собрание сочинений в 7-ми т.; Т.1 —Астана: Изд. дом «Сарыарқа», 2009.- 564 с.
4. Ескендрұлы (Әбдешев) М. «Алаш Орда» министрлері / Министры «Алаш Орды» — Алматы: ТОО «Типография оперативной печати», 2008.- 114 с.
5. Аккулы Султан-Хан. Алихан всего Алаша: наследие Алихана Букейханова // Мысль. — 2013. — №1. — С. 71-80.
6. Аккулы Султан-Хан. Собиратель казахских земель: наследие Алихана Букейханова // Мысль. — 2013. — №1. — С. 81-87
7. Аккулы Султан-Хан. Собиратель казахских земель. Часть II: наследие Алихана Букейханова // Мысль. — 2013. — №2. — С. 78-85
8. Ауэзов М. Бессмертие Алаша // Казахстанская правда. — 2011. — 11 марта. — С. 13
9. Аяган Б. И это все о нем // Экспресс К. — 2011. — 25 марта. — С. 16 : фото
10. Бельгибаев М. Е. Алихан Бокейхан — общественный деятель и учёный :140 лет со дня рождения // География в школах и ВУЗах Казахстана. — 2010. — №5. — С. 37-40
11. Енисеева-Варшавская Л. Сын степей: наследие Алихана Букейханова // Мысль. — 2013. — №2. — С. 74-77.
12. Козыбаев С. Родоначалница демократической прессы: культура // Мысль. — 2013. — №1. — С. 67-70.

ҰЛТ МҮДДЕСІ ҮШІН ЖАНЫН ҚИҒАН – АЛАШ АЛЫБЫ

Ерменбетова С.О.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Әбдірахманова К.Ж
Қарағанды мемлекеттік медицина университеті.

Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген
кісі көш басын да алып жүре алмайды
Әлихан Бөкейхан

Менің бұл баяндаманы жазудағы мақсатым: Алаш орда көсемі Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығына орай, алаштың біртуар азаматы, ірі саяси-қоғам қайраткері, ұлт көсемі, ғұлама, ғалым Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен атқарған істері, тарихта алар орны жайлы мағлұмат бере отырып, туған халқына адалдығын, патриоттылығын кейінгі ұрпаққа үлгі ету. Әлихан Бөкейханов туралы бұл баяндаманың негізгі зерттеу мақсаты ол Қазақ еліне беймәлім жақтарынан таныстыру. Биыл Әлихан Бөкейхановтың дүниеге келгеніне 150 жыл толды. Қазақ халқының қуанышына бұл мереке ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетін болды. Бұл баяндаманың өзекті мәселесі ол ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов хақында зерттеу жүргізген ғалымдар мен тарихшылардың мағлұматтарына көз жүгірту. Алаш ардагері Ә. Бөкейханның ұлт үшін, елдің тәуелсіздігі, ұлт азаттығы жолында атқарған қызметі ұшан-теңіз. Совет заманында бүркемеленіп келген оның есімі тәуелсіздік алған уақыттардан бастап, ұрпақ санасында жаңғырғандығы белгілі. Дегенмен Әлихандай ұлт көсемін қанша мадақтап, оның ұлтқа, ел мүддесі үшін істеген игі істерін қалай дәріптесек те жарасады. Өйткені ондай перзент жүз жылда туыла бермейтін, дара, дана тұлға екендігі айтпаса да белгілі. Ал оны үлгі ету үшін әр адамның санасына Әлиханның қандай намысшыл, ұлтын сүйген ұлы адам екенін жеткізу керек. Осы жолда кішкене болса да өз үлесімді қосу парыз деп санадым!

Әлихан Бөкейханов - қазақтың басын біріктіріп, ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолына өз бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын, бар

саналы өмірін арнаған адам. Егер ол өзінің бас пайдасын ғана ойлап, патша заманында мансапқор болып, шен-шекпенге қызығып, ұлық болғысы келсе, өзі ақсүйек, хан әулеті әрі оқымысты Әлихан Бөкейханға ол жол оңай еді. Бірақ, Әлихан қара басының қамын ойлаған жоқ, туған халқының қамын ойлап, белін бекем байлап, ел үшін еңбек ету жолына түсті. Әлихан - қазақ тарихында демократиялы баламалы түрде сайланған Алаш Орда - Ұлт кеңесінің тұңғыш төрағасы! «Хан баласында қазақтың хақы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет етпей қоймаймын» - деген асыл ердің тектілік, намысшыл, ұлтжандылық секілді қасиеттер әр қазаққа үлгі болуы тиіс! «Хан баласында қазақтың хақы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген Әлихан Бөкейханов тірісінде қандай жан еді? Айтқан сөзін орындай алды ма? Бұл сұрақтың жауабын тарихтың қатпар беттерін ақтарып табамыз. Иә, ол өзінің алға қойған мақсатына жетті. Қазақ елінің тағдыры талқыға салынған сын сағатта оқыған азаматтардың басын қосып, тұңғыш Қазақ Республикасының негізін қалады. Ол құрған Алашорда үкіметінің ғұмыры ұзақ болған жоқ. Бірақ сол аз уақыттың өзінде талай дүниенің басын қайырды. Қазақтың қазақ екендігін, азат ел бола алатындығын көрсетті.[1,9-11б].

Терең білім, ұлтының төл тарихына, көне мәдениеті мен салт-дәстүріне деген шексіз сүйіспеншілік, туған жерінің түкпір-түкпірін зерттеу, халқына кіршіксіз әрі адал қызмет ету, алты Алашының бостандығы мен құқы үшін тынымсыз күрес, міне осының бәрі қазақтың ХХ ғасыр басындағы Ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының жетекшісі, қазіргі Қазақстанның іргетасын қалаған Алаш автономиясының төрағасы Әлихан Бөкейхан тұлғасының бір қыры ғана еді. Әлиханды алғаш рет алдымен «бүкіл қазақ өлкесіне ықпал ететін, дала өлкесіндегі діни-саяси қозғалыстың көсемі» деп 1905 жылы ақ отаршыл патша әкімшілігі мойындаған. «Қазақ» газеті шығып тұрған жылдары, әсіресе, қазақтарды Батыс майданға қара жұмысқа алған кезде Қыр баласын «Алаштың Әлиханы», «Ел ағасы», «Алаш көсемі» («ұлт көсемі») деп бүкіл ісі қазақ таныды[2,6б].

Ұлт тағдыры таразыға түскен, империялық патшалық үкімет пен қызыл империяның қылышынан қан тамған қиын-қыстау заманда ел мүддесі емес, ұлт тағдыры туралы «ойлану» қорқынышты болып тұрған еді. Ол туралы алаш алыптарының бірегейі Мұстафа Шоқай 1930 жылы «Жас Түркістан» журналының №12 санында: «Бізді ұзақ жылдар бойы бодандықта ұстап келген патшалық Ресейдің, одан кейін, міне он үш жыл бойы езіп-қанап отырған большевиктік Ресейдің құзғындарынан да өткен жауыз, қанішер құзғындар дүниенің басқа бір жерінен табыла қояр ма екен?! Ауылдар мен қалалар, орыс пролетариатының отаршылдық ауруымен ауырғанын көріп отырған көзі ашық жас күштер, сендерге айтамын: дүние жүзінде халқымызды езіп-қанап жатқан Мәскеу құзғындарынан өткен жауыз дұшпан жоқ екенін ұмытпандар!»- деп, сол уақыттағы қазақтың қоғамдық-саяси өмірінен хабар береді. Ұлт жолындағы атқарған қызметтері еш кетпеді. Осы уақытта сақталған жеріміздің шекарасын сызып, оны бүгінгі күнгі ұрпаққа аманат етіп қалдырып кетті. Жалпы алаштықтардың сол уақыттағы қызметін айта берсең тауыса алмайсыз. Міне, осындай ұлт мүддесі жолына өмірін сарп етіп, басын бәйгеге тіккен ұлттық интеллигенция шоғырының басшысы бола білген Әлихан Бөкейханның ұлт үшін атқарған қызметінің бір парасы – «тәуелсіздік», «ұлттық тарих», «тіл тағдыры», «ұлт мәдениеті» жолындағы қызметі болып табылады[3,40-42б].

Әлихан Бөкейхановтың халыққа қылған қызметі мен ұлт тағдыры жолындағы барлық қиындықтарға қарамастан аянбай еңбек етуінен оны ұлт көшбасшысы, ұлт көсемі бола білгендігінің аңғарамы. Оның қайраткерлік жолы мен қаламгерлік бағыттағы қоғамдық-саяси қызметінің негізгі бағыты – ұлт руханиятына арналғандығын аңғаруға болады. Ұлттық тарихымыз, мәдениетіміз бен қазақ тілінің тағдыры жолындағы күресі оның ұлттық руханиятымыздың басты қорғаушысы болғандығын айғақтайды[4,8б].

1917 жылдың 6-13 желтоқсанында Орынбор қаласында өткен ІІ жалпы қазақ съезінде Алашорда ұлттық территориялық автономиясы құрылды. Ұлттық автономия үкіметінің төрағасын сайлауды Әлекең балама кандидатуралар арқылы өткізуді жақтаған. Сөйтіп, ұсынған үш адамның ішінен ең жоғарғы қолдауға ие болып, үкімет төрағалығына сайланды.

Бір ғажабы 15 адамнан тұратын Алашорда үкіметінің үш бірдей мүшесі (Ә.Бөкейхан, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев) Ақтоғайдың төл перзенттері болуы Арқа елінің тектілігі мен топырағының қасиет тұнғандығының айғағы шығар[5,86].

Енді Әлекең жайлы зерттеу ісімен айналысып жүрген ғалым, тарихшыларға сөз берейік. Алаш қозғалысының белсенді өкілі, заңгер Әлімхан Ермековтің «Ол кісі Петроград университетінің орман-ағаш факультетін тәмамдаған. Заң факультетіне Ленинмен бірге экстернат болып емтихан тапсырған. Терең дария мұхиттай білімді ғалым болатын. Тоғыз тілде еркін сөйлеп, жаза білетін. Біздің ақыл-ойымыз Тоқырауын өзеніндей болса, Әлихан Бөкейханов Балқаш көліндей дария еді ғой!»- деген сөзінен өз заманының өте қабілетті, асқан білімді, сыйлы, беделді азаматы болғанын аңғарамыз.

1911 жыл «Айқап» журналының №5 санында Міржақып Дулатұлы: «Заманымызда қазақ үшін өмірін, білімін жұмсап, ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген күллі қазақ халқына бірінші дерлік жол басшымыз – Әлихан Бөкейханов» деп жазды.

Алаш қайраткерлерінің бірі - Қошмұхаммед Кемеңгерұлы 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақ тарихынан» атты очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат болды. Бұл топты баулыған - Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ аулақ салған қазақ ұлты туды», - деп жазды[6,15-176].

Осындай дүниежүзін тәуелсіздік үшін күресудің соғыссыз саяси жолдарымен мойындатқан ғасыр қазағымның туған жері атамекені-Ақтоғай.Әлемде Әлихан Нұрмұхамедұлының саяси күрескерлігін, дария білімді ғалымдығын мойындаған, бағалаған саяси қозғалыстар да, қоғамдық ұйымда өте көп. Әлиханнаң есімі берілетін ғимараттар мен мекенжайлар да мол болары анық.Алайда, қазақтың Әлиханының туған жері біреу-ақ, ол – Арқадағы Ақтоғай[7,136].

Ә.Бөкейханның «Халық ісін орнына салуға көп ақыл,көп қызмет,көп жылғы шебер істеген әдіс керек» - дегендігін ескеріп,ұлт жолында жұмылған жұдырықтай бірігіп қызмет ете білсек, А.Байтұрсынұлы айтқандай: «Қатерлі жерде қаперсіз отырмай», жаһандану дәуірінде: «ғасырлар бойғы тұншыққан рухымыз бен әлсіреп, сөнуге таяған қазақылық келбетімізді» осы заманда жаңғырта білсек. «Оян қазақ! Көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты»деп, М.Дулатұлы ұрандағанындай: «рухани ұйқыда жүрген» қазақ бауырларымызды Ахаңның «Масасы» болып, «оята»білсек, онда алаш алыптарының идеясына сәл де болса үн қосқанымыз болар еді. Осындай игі жұмыстардың нәтижесінде ғана тәуелсіздігіміздің болашағы жарқын боларына сеніміміз кәміл болмақ!

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан ZAMAN-2016,17наурыз (№11112) 6-бет
- 2.Тіл-2016.№1.40-42 бет
- 3.Айқын-2016,2ақпан (№15) 8-бет
- 4.Егемен Қазақстан-2016,15сәуір (№71) 8-бет 5.Жүсіпов.С.А«Ә.Н.Бөкейхановтың өмірі мен әдеби-публистикалық мұрасы» 15-17 бет
- 6.Қазақстан мұрағаттары-2016 №2.9-11бет
- 7.Егемен Қазақстан-2016,15 сәуір (№71) 8-бет

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

Жетписбаева Ж.Ж.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Кентбек С.К.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Баспасөз беттерінде өзін «қыр баласы» деп таныстырған, көпшілік жұрт оны «ұлт көсемі» деп білген.Қазақ ұлтының жоғын жоқтап, мұңын мұндаған, «тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген [1,17 бет.] Әлихан Бөкейхановтың туғанына биыл 150